

**«Педагог-психолог» лауазымына арналған
«Педагогикалық психология» пәні бойынша тест спецификациясы**

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан әрі – ДББҰ) «педагог-психолог» лауазымына конкурс өткізу барысында педагогикалық, жас ерекшелік, әлеуметтік, практикалық психология саласындағы білім, білік және дағдыларын бағалау.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативті құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. 5B010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы.

4. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтауға ұсынылған дереккөздер:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

№	Бөлім	1-модуль	2-модуль	3-модуль	Барлығы
1	Мінез-құлық және іс-әрекет	2	-	-	2
2	Танымдық үдерістер	3	1	-	4
3	Жеке тұлғаның қасиеттері	4	-	-	4
4	Тұлғаның даму кезеңдері	2	2	2	6
5	Тұлғааралық қатынастар	2	1	2	5
6	Психологиялық диагностика	2	1	1	4
Барлығы		15	5	5	25

6. Тест құрылымы, бағалау және ұзақтығы

Тест бес мүмкін нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты болжайтын 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тест үш модульден тұрады:

Модуль	Сипаттамасы
1-модуль (базалық деңгей)	Жоғары оқу орындарының «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес келетін базалық деңгейдегі тапсырмалар
2-модуль (ілгері деңгей)	«Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес келетін білімді қолдануға бағытталған ілгері деңгейдегі тапсырмалар
3-модуль (жоғарғы деңгей)	«Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес келетін мінез-құлық сипаттамалары

	мен даму ерекшеліктерін талдауды тексеруге бағытталған жоғары деңгейдегі тапсырмалар.
--	---

«Мінез-құлық және іс-әрекет» бөлімі

Іс-әрекет анықтамасы, негізгі сипаттамалары.

«Танымдық үдерістер» бөлімі

Белсенділік және психикалық үдерістер. Білік, дағды және әдеттер. Білік және дағды ұғымдары. Сезіну және қабылдау. Зейін. Зейіннің құбылыстары және анықтамасы. Зейіннің қызметі мен түрлері. Ес. Естің түрлері және олардың ерекшеліктері. Қиял. Қиялдың анықтамасы мен түрлері. Ойлау.

«Жеке тұлғаның қасиеттері» бөлімі

Темперамент түрлері. Темперамент және олардың тұлғалық ерекшеліктері. Қажеттіліктер мен мотивация. Қабілеттер. Қабілеттердің анықтамасы. Қабілеттердің түрлері. Адамдардың бейімділігі мен жеке ерекшеліктері. Қабілет, дарындылық және талант: осы құбылыстардағы өзара байланыс және айырмашылықтар.

«Тұлғаның даму кезеңдері» бөлімі

Тұлғаның жеке дамуы. Тұлғаның даму кезеңдері. Жасөспірімнің тұлғасы. Жасөспірімдік кезеңнің ерекшеліктері. Жасөспірімдердегі мінез акцентуациясын анықтау. Жыныстық идентификация. Жасөспірімдік кезеңдегі психологиялық өзгерістер. Жасөспірімдік кезеңге сәйкестік дағдарысы.

«Тұлғааралық қатынастар» бөлімі

Тұлғааралық қатынастар және олардың жіктелуі. Қарым-қатынас құрылымы. Қарым-қатынас үдерісінде ақпарат алмасудың ерекшеліктері. Байланыс құралдары. Сөйлеу. Вербалды емес қарым-қатынас. Өзара әрекеттесудегі позицияларды бөлу (транзакциялық талдау). Өзара әрекеттесу түрлері. Қарым-қатынас процесіндегі өзара түсіністік тетіктері. Байланыс желілерінің түрлері (топтағы коммуникациялардың құрылымы). Топтардың жіктелуі.

«Психологиялық диагностика» бөлімі

Оқушының жеке ерекшеліктерін диагностикалау. Психодиагностикадағы проективті әдістер. Психодиагностика және психологиялық бағалау. Психодиагностикалық әдіс және диагностикалық тәсілдер. Тест психодиагностиканың негізгі құралы ретінде. Тест туралы түсінік. Тест түрлері. Тұлғалық сауалнамалар. Проективті техника. Психодиагностикалық үдеріс.

Тест орындау уақыты – **40 минут**.

Педагогикалық өлшеулер орталығы тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тест қорытындысы ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен, **апелляция жүргізілмейді**.

Тесттен өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.